

Г.К. ҚАТБАЕВА¹, Ф.Н. ДӘУЛЕТ²¹PhD докторант, Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulmira.katbaeva@gmail.com²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: fatima-dauletova@mail.ru**КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ФАКТОРЛАР**

Аңдатпа. Зерттеу мақаласында қазақ тілінен қытай тіліне көркем мәтіндерді аудару ерекшеліктері лингвомәдениеттану ғылымы тұрғысынан қарастырылып, бұл тұрғыда кездесетін түрлі мәселелер аударма теориясында жиі айтылып, практика жүзінде кеңінен қолданылып жүрген аударма стратегияларын қолдану арқылы шешу жолдары ұсынылады.

Мақалада, сонымен бірге, «лингвомәдениет» ұғымының өзіндік анықтамасы баяндалып, ұлттық құндылықтар мен ұлттық-мәдени лексика негізінде қазақ және қытай лингвомәдениеттеріне салыстырмалы талдау жасалды. Сондай-ақ, зерттеу барысында қазақ, қытай лингвомәдениеттеріндегі типологиялық айырмашылықтардан туындаған, аталмыш тілдердегі фонетика, лексика және грамматика салаларындағы ортақ және алшақ жақтар талданып, екі ел арасындағы мәдениетаралық байланысты оңтайландыру үшін тіл мен мәдениетті қатар зерттеу қажет деген тұжырым жасалды.

Зерттеу мақаласында көркем аударманың қазақ тілінен қытай тіліне аударудағы дәлме-дәлдігін қамтамасыз ететін тілдік және мәдени факторлардың маңыздылығы мен аударма сапасына әсері көрсетіліп, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындайтын функционалдық өлшемдері де қарастырылады. Мақалада, сонымен бірге, мәдени коннотацияларды беру, лексика-семантикалық ерекшеліктерді бейімдеу және мәтіннің көркемдік құндылығын сақтау мәселелеріне де ерекше назар аударылып, мәдениетаралық коммуникацияда сәтті аударманың кепілі болып табылатын лингвомәдени факторлардың маңыздылығы нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

Кілт сөздер: салыстырмалы талдау, қытай тілі, көркем аударма, көркем мәтін, лингвомәдени фактор, лингвомәдениеттану, коннотация.

G.K. Katbayeva¹, F.N. Daulet²¹PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulmira.katbaeva@gmail.com²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: fatima-dauletova@mail.ru

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Катбаева Г.К., Дәулет Ф.Н. Көркем аудармадағы лингвомәдени факторлар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3 (137). – Б. 169–182. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.242>

***Cite us correctly:**

Katbaeva G.K., Daulet F.N. Korkem audarmadagy lingvomadeni faktorlar [The Linguists and Cultural Factor in Literary Translation] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2025. – №3 (137). – Б. 169–182. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.242>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.01.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

The Linguists and Cultural Factor in Literary Translation

Abstract. The research article considers the peculiarities of translating fiction texts from Kazakh into Chinese on the basis of linguocultural analysis of the relationship between Kazakh culture and language, suggests ways to solve them using different translation strategies.

A peculiar definition of the concept of “linguoculture” as an object of linguoculturology is presented, a comparison of linguistic cultures of Kazakhstan and China on the basis of national values and national-specific vocabulary is carried out. Also in the course of the research the complex aspects of Kazakh-Chinese translation in the field of phonetics, lexicon and grammar, caused by typological differences in the linguistic cultures of Kazakhstan and China, were touched upon, and the conclusion about the necessity of joint study of language and culture for optimization of intercultural relations between Kazakh and Chinese languages was made.

The significance and influence of linguistic and cultural factors ensuring the accuracy of translation from Kazakh into Chinese on the quality of translation is reflected, and their functional criteria determining national and cultural peculiarities are considered. Special attention is also paid to the issues of transferring cultural connotations, adapting lexical and semantic features and preserving the artistic value of the text, the importance of linguocultural factors as an integral element determining the success of translation in intercultural communication is explained.

Keywords: comparative analysis, Chinese language, artistic translation, artistic text, linguistic and cultural factor, linguistic and cultural studies, connotation.

Г.К. Катбаева¹, Ф.Н. Даулет²

¹*PhD докторант, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulumira.katbaeva@gmail.com*

²*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: fatima-dauletova@mail.ru*

Лингвокультурные факторы в художественном переводе

Аннотация. В исследовательской статье рассматриваются особенности перевода художественных текстов с казахского языка на китайский язык с точки зрения лингвокультурологии, а также предлагаются пути решения различных проблем, возникающих в контексте, с использованием часто упоминаемых в теории перевода и широко используемых на практике переводческих стратегий.

В статье также дается конкретное определение понятия «лингвокультура» и проводится сравнительный анализ казахской и китайской лингвокультур на основе национальных ценностей и национально-культурной лексики. Также в ходе исследования были проанализированы сходства и различия в фонетике, лексике и грамматике этих языков, которые возникли из-за типологических различий казахской и китайской лингвокультур, и сделан вывод о том, что для оптимизации межкультурной коммуникации между двумя странами необходимо одновременно изучать язык и культуру.

В исследовательской статье показано важность лингвистических и культурных факторов, обеспечивающих точность художественного перевода с казахского языка на китайский язык, и их влияние на качество перевода, а также рассмотрены их функциональные критерии, определяющие национально-культурные особенности. В статье также особое внимание уделяется вопросам передачи культурных коннотаций, адаптации лексико-семантических особенностей и сохранения художественной ценности текста, на

конкретных примерах поясняется важность лингвокультурных факторов, являющихся залогом успешного перевода в межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: сравнительный анализ, китайский язык, художественный перевод, художественный текст, лингвокультурный фактор, лингвокультурология, коннотация.

Кіріспе

Көркем аударма әр түрлі мәдениет арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ететін күрделі әрі шығармашылық үдеріс. Бұл аударма лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді ғана емес, түпнұсқаның мәдени аспектілерін де ескере отырып, әдеби туындыларды бір тілден екінші тілге жеткізу процесін білдіреді. Ал осы көркем туындыларды аудару барысында лингвомәдени бірліктердің рөлі ерекше маңызды. Себебі кез-келген тіл коммуникациялық құрал болып қана қоймай, сонымен қатар, ұлттық құндылықтар мен дүниетанымдық ерекшеліктерді бейнелейтін мәдени код болып табылады. Бұл тұрғыдағы мәселелер осы мақала авторларының бірі Ф.Н. Дәулеттің 1998–2024 жылдар аралығында жарық көрген монографияларында және ғылыми мақалаларында егжей-тегжейлі баяндалған.

Көркем аударманың техникалық немесе ғылыми аудармадан айырмашылығы, ол мәтіннің авторлық стилін, эмоциялық бояуын және эстетикалық құндылығын сақтауды талап етеді. Ал көркем шығармаларды аудару үдерісінде маңызды рөл атқаратын элемент – лингвомәдени факторларды аудару, өйткені ол бастапқы мәтіннің бірегей мәдени ерекшеліктерін сақтап, оны мақсатты мәдениетте барабар қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әрбір мәдениеттің өзіндік тұжырымдамалары және салт-дәстүрлері болатындығын ескерсек, аудармашы көркем мәтінмен жұмыс істеу барысында әрбір лексикалық бірліктің төл мағынасын аударып қана қоймай, сонымен бірге, тілдің «әлемдік бейнесін» көрсетіп, демек, түрлі генеологиялық, типологиялық сатыда жатқан тілдердегі лингвомәдени коннотацияларды ашып көрсетуі қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл аудармашыдан екі мәдениетті де терең білуді және мәтіннің сәйкестігін сақтау үшін бейімдеу, түсіндіру, транскрипциялау немесе калькалау секілді түрлі стратегияларды пайдалануды және түпнұсқа мәтінді аударушы тілге барынша мағыналық және эмоциялық болмысын сақтап жеткізуді талап етеді [1, 35-б.].

Зерттеу жұмысының өзектілігі көркем аударма үдерісінде маңызды рөл атқаратын бірқатар мәселелермен айқындалады. Біріншіден, мәдени реалиялар мен ерекше тілдік элементтердің берілуіне әсер ететін лингвомәдени факторларды ескеру қажеттілігі осы зерттеудің жаһандану және мәдениетаралық өзара іс-қимыл тұрғысындағы маңыздылығын көрсетеді. Екіншіден, мәдени тұжырымдамаларды бейімдеу және мәтіннің авторлық стилін сақтау мәселелері де көркем аударманың ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, аударма кезінде туындылардың мәдени ұқсастығын сақтауға бағытталған әдістерді зерттеу аударма теориясын дамытуға және мәдениетаралық коммуникация сапасын жақсартуға ықпал етеді. Осы мәселелер мақаланың өзектілігі мен оның қазіргі таңдағы аударматануға қосқан үлесі болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі халықтар арасындағы тығыз мәдени байланыс пен жаһандану үдерісі жағдайында көркем аударма тек тілаларлық коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтаудың және жеткізудің маңызды тетігі ретінде танылады. Әсіресе тіл этнос менталитетінің, дүниетанымының, құндылықтары мен дәстүрлерінің көрінісі болып табылатын лингвомәдени кодтарды қамтыған көркем мәтіндер үшін бұл аспект өзекті бола түседі. Осы тұрғыдан алғанда, М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романы – лингвомәдени бірліктердің мол шоғырланған көркем туындысы ретінде басқа

тілге, атап айтқанда, қытай тіліне аударуда ерекше лингвистикалық әрі мәдени маңызға ие мәтін болып табылады.

Ана тіліміздегі түпнұсқа мәтін мен оның қытай тіліндегі аудармасында қолданылған лингвомәдени бірліктердің ерекшеліктері мен трансформациясын айқындап, аударма барысында қолданылған әдіс-тәсілдерді саралай келе, олардың ұлттық-мәдени мазмұнды жеткізудегі тиімділігін бағалауды мақсат тұттық.

Бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Абайдың қара сөздеріндегі ұлттық-мәдени мазмұнды құрайтын тілдік бірліктердің қытай тіліне аударылу ерекшеліктері алғаш рет жүйелі лингвомәдени талдау нысанына айналып, оларды жеткізуде қолданылған аударма стратегияларының тиімділігі нақты мысалдар арқылы дәлелденуінде. Сондай-ақ баламасыз ұлттық-мәдени лексемаларды беру жолдары (түсіндірме, интерпретация, мәдени алмастыру, компрессия) прагматикалық және мәдени сәйкестік тұрғысынан жіктеліп, теориялық негіздемемен сүйемелденді. Бұл – қазақ әдебиетін қытай тілді аудиторияға жеткізу мәселесінде лингвомәдениеттің трансляциялық тетіктерін нақтылауға бағытталған тың қадам деп есептейміз.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеуде негізгі әдіс ретінде салыстырмалы-аналитикалық тәсіл таңдалып, ол Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Абай Құнанбаевтың қара сөздерін қытайдың белгілі абайтанушысы және аудармашысы Ха Хуанчжаң мырза аударған қытай тіліндегі нұсқалары арасындағы лингвомәдени бірліктердің берілу ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға бағытталды. Бұл әдіс бастапқы және аударма мәтіндердегі сөздер, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, реалиялар және мәдени коннотативтік мазмұны бар грамматикалық құрылымдар деңгейінде сәйкестіктерді анықтауға, сондай-ақ ұлттық-мәдени мазмұнның трансформациясын, жойылуын немесе интерпретациялануын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында, алдымен этномәдени мәні бар тілдік бірліктер іріктеліп, олардың қытай тіліндегі баламалары салыстырылды; кейін бұл аударма нұсқалары бейімдеу, калькалау, трансформация, мағыналық алмастыру, мәдени интерпретация сынды аударма стратегиялары тұрғысынан талданып, алынған деректер лингвомәдени сипаттары бойынша жіктеліп, мәдениетаралық прагматика аясында интерпретацияланды. Бұдан бөлек, тілдік бірліктерді сипаттап, олардың қызмет ету тетіктерін нақтылау үшін дескриптивтік әдіс те қолданылды. Бұл әдістер қытай тілінде тікелей баламасы жоқ реалияларды дәл жеткізу қажеттілігінен туындап, ұлттық-мәдени ақпаратты оқырман санасына жақындатуға және мәтіннің экспрессивтік бейнелілігін сақтауға бағытталды. Осылайша, аударманың дәлдігі мен оны қабылдаудың жеңілдігі арасындағы балансты қамтамасыз ететін прагматикалық тұрғыдағы тиімді тәсілдер жүйесі айқындалды.

Көркем аударма және көркем аудармадағы лингвомәдени факторларға байланысты көптеген ғылыми еңбектер бар. Атап айтар болсақ, Чэнь Гуйциньнің «Тіл, мәдениет және аударма» (2009), А.Д. Швейцердің «Перевод и лингвистика» (1988), Цао Мэндидің «Көркем шығарманы орыс тілінен қытай тіліне аудару барысында кездесетін қателіктер мен сәйкессіздіктер туралы» (2024), т.б. еңбектерінде көркем аударма тақырыбы толық қамтылып, жан-жақты зерттелген. Отандық зерттеушілер арасынан Аккалиева А.Ф., Амалбекова М.Б. «Роль языка-посредника в художественном переводе» (2022) атты еңбектерінде көркем мәтінді аудару ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Лингвомәдениеттану – көркем аударма саласының маңызды құрамдас бөлігі болып саналатын, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және өзара ықпалын жан-жақты қарастыратын пәнаралық ғылым. Мақалаға тілтану, лингвомәдениеттану, аударма теориясы салаларында жазылған Маслова В.А. «Лингвокультурология» (2001), Вежбицкая А. «Язык, культура и познание» (1983), В.В. Воробьев «Лингвокультурология. Теория и методы»,

М.А. Федоров «Термин «лингвокультура» в аспекте теории культуры», А.Т. Хроленко «Лингвокультуроведение: пособие к спецкурсу по проблеме «Язык и культура», Ф.Н. Дәулет «Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы» (Алматы, 2000), «Языковая картина мира во фразеологии китайского и казахского языков (сопоставительный аспект)» (Москва, 2018), «Русско-англо-казахско-китайский разговорник» (Москва, 2018), т.б. отандық және шетел ғалымдарының зерттеу еңбектері осы жұмысымыздың теориялық бөліміне арқау болды.

Кейінгі жылдары аудармада жіберілетін қателіктер мен сәйкессіздік мәселелері тілтанушы, аударматанушы ғалымдардың назарындағы өзекті мәселеге айналып отыр. Мысалы, В.Н. Комиссаров аудармадағы сәйкессіздікті оқырманға жалған ақпарат беруге әкелетін сара жол деп танып, аудармада жиі кездесетін қателерді төмендегідей төрт түрге бөліп қарастырады: 1) түпнұсқа мәтіндегі мазмұнның бұрмалануы; 2) түпнұсқадағы мағынаның дұрыс берілмеуі; 3) аударма мәтіндегі стильдік сапаның нашарлауы; 4) аударушы тілдің тілдік нормалардың бұзылуы [2, 224-б.]. Осы тұрғыда А.Д. Швейцер қате аудару деп аударманың түпнұсқа мазмұнынан ауытқуын айтса, ал Н.К. Гарбовский кез-келген аударма мәтін – түпнұсқа мәтінге ең жақын жатқан нұсқа, бірақ ол ешқашан түпнұсқаның мазмұны мен формасын толық жеткізе алмайды деп көрсетеді [3, 28-б.]. Чэнь Гуйцинь қателік пен сәйкессіздіктің екі түрін - тілдік қателер мен мәдениетті тасымалдау барысындағы қателер – деп танып, олардың пайда болуының басты себептерін ашып көрсетеді [4, 71-б.].

Тіл мен мәдениет арасындағы мәселелер әлімсақтан отандық және шетелдік ғалымдардың назарында болып келеді (В. фон Гумбольдт, Э. Сепира және Б. Уорф, Х. Штейнталь, К. Леви-Строс, Н. Хомский, А.А. Потебня, Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия, В.А. Маслова, В.И. Карасик, В.В. Красных, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, А. Вежбицкая, В. Воробьев, С.Г. Тер-Минасова, Ю.Д. Апресян, Ю.В. Бромлей, А.Е. Кибрик, А.Т. Хроленко, А.А. Леонтьев, Луо Чанпэй (罗常培), Шэнь Сяолун (申小龙), Чжао Гунцин (张公瑾), Ф.Н. Дәулет, т.б. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде тіл мен мәдениеттің байланысы төмендегідей идеялармен өрнектелген:

- Тіл – мәдениет дамуының алғышарты [5, 16-б.];
- Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды [6, 5-б.];
- Кез-келген тілдердегі лингвомәдени бірліктер қоғамдық тұлғаның қалыптасуына әсер етеді және адамдар арасындағы қарым-қатынас сапасына әсер етеді [7, 174-б.];
- Мәдениет тек өзіне тән қарым-қатынас нормаларынан ғана емес (мысалы, тіл сияқты), сонымен қатар табиғатта да, мәдениетте де болатын барлық коммуникациялық ойындарда қолданылатын ережелерден тұрады [8, 16-б.];
- Ойлауды жүзеге асыру формасы ретінде, бастысы қарым-қатынас құралы ретінде тіл – мәдениетпен бірдей деңгейде тұра алады [9, 32-б.];
- Тіл біздің өмір сүру салтымызды танытатын дағдыларымыз бен идеяларымыздың әлеуметтік жинағы [10, 48-б.];
- Тіл мен мәдениет өзара әсер етіп, бірге дамиды [11, 86-б.];
- Тіл – мәдениеттің құралы. Ол тілдік тұлғаны тіл арқылы танылған және тілде көрініс тапқан дүниетаным, менталитет және адамдарға деген қарым-қатынас секілді ерекшеліктер арқылы, яғни сол тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын халықтың мәдениеті арқылы қалыптастырады [12, 63-б.].

Осы теориялық негіздер лингвомәдени факторларды көркем аудармада талдаудың әдістемелік бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Аударма теориясындағы мәдениетке бағдарланған көзқарастар мен лингвомәдениеттану тұжырымдары көркем мәтіндегі ұлттық-мәдени мазмұнды қабылдау және жеткізу процестерін терең пайымдауға жол ашады. Сонымен қатар, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан лингвомәдени трансформация қағидаттары бұл зерттеудің ғылыми-тәжірибелік негізін

қалыптастырады. Енді келесі бөлімде «Абай жолы» романы мен А. Құнанбаевтың шығармаларының түпнұсқасы мен қытай тіліндегі аудармасындағы лингвомәдени бірліктердің берілу ерекшеліктеріне нақты мысалдар негізінде талдау жасалынады.

Талдау мен нәтижелер

Көркем аударма – мәдени қарым-қатынастың бір түрі, сонымен қатар мәдени бірегейлікті түсінуді жүзеге асыратын дербес мәдени құбылыс. Көркем аударма мәтіндерінің мәдени баламалылығымен оқырман басқа мәдениет туралы дәлме-дәл ақпарат алады [13, 5-б.].

Кез-келген этникалық қауымдастықта тіл жүйесі мәдени ерекшеліктерді, басқа мәдениетті анықтауға, тануға және ашуға мүмкіндік береді, яғни тіл бір мәдениет туралы ақпаратты екінші мәдениетке жеткізеді. Ал мәдениет мәдени қарым-қатынасқа негізделген ынтымақтастық бағытында дамитындықтан, оның элементі ретінде тіл өзара әрекеттестік құралы болып табылады.

Көркем туындыны аударуда біріншіден, авторлық стильді сақтау қажет, бұл аудармашыдан интонацияны, ырғақты және түпнұсқаның бірегей тілдік ерекшеліктерін дәл беруді талап етеді. Екіншіден, лингвомәдени факторларды ескеру маңызды болып табылады, өйткені көркем мәтін аударма мәтінді қолданушыларға бейімделуі тиіс ерекше мәдени тұжырымдамалар мен рәміздерге толы. Соның ішінде, фразеологизмдер мен идиомаларды, тұрақты тіркестерді аудару ерекше күрделі мәселе болып табылады. Себебі, мәдени мазмұндағы тіл бірліктерінің аударушы тілде тікелей баламасы бола бермейтіндігін ескерсек, ол аудармашыдан түрлі заманауи және ұтымды тәсілдерді іздеп табуға және сол тәсілдерді белсенді түрде қолдануға, аударма үдерісінде кездесетін лингвомәдени қайшылықтарды шешу жолдарын табуға мәжбүрлейді [14, 55-б.].

Көркем мәтін басқа мәтін түрлерінен айтарлықтай ерекшеленетін және этникалық топтың мәдени ақпаратының тасымалдаушысы болатын көп қырлы құбылыс [15, 23-б.]. Мәдениет – қоғамда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін маңызды белгілердің, идеялардың, құндылықтардың, әдет-ғұрыптардың, наным-сенімдердің, салт-дәстүрлердің, мінез-құлық нормалары мен ережелерінің жиынтығы, олар арқылы адамдар өздерінің өмірлік әрекеттерін қалыптастырады. Мысалы, «мәдениет» ұғымы белгілі бір халыққа тән тарихи, әлеуметтік және психологиялық сипаттарды қамтиды.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы көркем мәтінде айрықша көрінеді. Демек, көркем мәтінді біз ұлттық-мәдени ақпараттың көзі деп айтсақ қате емес. Бұл тұрғыда ұлттық мәдениеттің тілге әсер етуін зерттейтін, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен ықпалын жан-жақты қарастыратын тілтану және мәдениеттану ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болған лингвомәдениеттануды көркем аударманың маңызды құрамдас бөлігі деп санасақ болады.

Көркем мәтінді аудару барысында аудармашылар бірқатар тілдік және мәдени ерекшеліктермен жұмыс жасауға тура келеді. Өйткені әдеби туындыларды аудару процесі мәдениеттер қайшылығы мен «келіссөзінсіз» жүзеге асу мүмкін емес. Демек, көркем аударма дегеніміз – екі тілдік жүйенің өзара әрекеті ғана емес, сонымен бірге, түрлі халықтардың, мәдениеттердің түрлі дәуір, салт-дәстүр, тұрмыстық ерекшеліктері, жайлы айтқанда – түрлі мәдениеттер тоғысу барысында жүзеге асатын шығармашылық әрекет. Көркем мәтін автордың адами тұлғасын және ол өмір сүріп отырған әлемнің тілдік бейнесін көрсетеді. Автор белгілі бір мәдени кеңістікте туып, өсіп, тұлға болып қалыптасатындықтан, ол өз шығармаларында айналасындағы шындықты сол өзі туып-өскен әлемге тән тілдік құралдарды пайдалана отырып көркем түрде бейнелейді. Л.А. Новиков айтқандай, «көркем шығармада дүниетанымның, болмысқа поэтикалық көзқарастың, оны жасаушының тілі мен стилінің ізі бар» [16, 5-б.].

Аудармашы көркем аударма жасау барысында түпнұсқа мәтінді басқа лингвомәдени жүйеге «ауыстыруға» ұмтылады. Бұл тұрғыда аудармашы кезігетін тосқауылдардың бірі деп - бір мәдени болмысты екінші лингвомәдени кеңістікте толығымен белгілеудің мүмкін еместігін айта аламыз. Әсіресе, түпнұсқа тіл мен аударушы тіл жатқан лингвомәдени кеңістік неғұрлым алшақ болса, аудармашы үшін соғұрлым қиындық туындайды. Бұл тұрғыда мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, жалқы есімдер, фольклордың шағын жанрлары, прецедент сөздер, сленг, арго, ғаламтор лексикасы, т.б. секілді мәдени мазмұндағы тілдік бірліктер аударуды ерекше атап өтсек болады.

Мақаламыздың жалғасында біз көркем мәтіндерді қазақ тілінен қытай тіліне аударудағы лингвомәдени факторларға тоқталып, мәдени мазмұнды тілдік бірліктерді аудару жолдарын саралаймыз.

Лексикалық ерекшеліктер. Мақалаға арқау болған материалдарды саралай келе, біз қазақ халқын қоршаған табиғатқа, ұлтымыздың салт-дәстүрлеріне, бұрынғы көшпелі өмір салтына қатысты, жалпы – рухани және материалдық мәдениетпен байланысты сөздерді аудару барысында кейбір тілдік бірліктердің қытай тілінде тікелей баламасы болмайтындығын байқадық. Абайдың отыз тоғызыншы сөзінде *«Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой»* - *«你可以掂一掂毕什的分量，合适的可以做为»* [Nǐ kěyǐ diān yī diān bì shén de fēnliàng, héshì de kěyǐ zuò wèi] мақалында *«асық»* сөзі *«毕什»* [bìshén], *«сақа»* сөзі *沙哈*[shāhā] деп аударған. Үзіндідегі *«қой асығы»* мен *«сақа»* – қазақ халқының дәстүрлі асық ойындарындағы символдық элементтер, олардың лексика-семантикалық мазмұны ұлттық мәдениетпен тікелей байланысты. Ал, қытай тіліндегі аударма нұсқасы *«你可以掂一掂毕什的分量，合适的可以做为»* (*«салмағын байқап көр, егер лайық болса, пайдалан»*) – мақалдың негізгі прагматикалық мағынасы мен функционалдық бағытын жеткізсе де, ұлттық-мәдени коннотациясы, яғни *«қой асығы»* мен *«сақа»* сияқты этнографиялық ұғымдар аудармада бейтарап күйде қалған. Бұл жағдайда аудармашы форенизация емес, доместикация стратегиясын қолданған, нәтижесінде түпнұсқадағы ұлттық бояу әлсірейді. Демек, бұл мысал лингвомәдени трансформация барысында мәдени кодтардың толық эквиваленттілігіне қол жеткізудің қиындығын және аудармашының мәдени бейімдеу әдісіне жүгінгенін аңғартады.

«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» - *«六个人团结得不好，会失掉手头的东西；四个人团结得紧，能获得远处的财富»* [Liù gèrén tuánjié dé bù hǎo, huì shīdiào shǒutóu de dōngxī; sì gèrén tuánjié dé jǐn, néng huòdé yuǎn chǔ de cáifù] мақалында *«ауыздағы кетеді»* тіркесі *«会失掉手头的东西»* - *қолындағы затын жоғалтады* деп аударылса, *«төбедегі келеді»* тіркесі *«能获得远处的财富»* – *байлыққа қол жеткізеді* тіркесімен алмастыру арқылы аударылған. *«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді»* – қазақ халқының бірлік пен ынтымақты дәріптейтін терең мағыналы лингвомәдени бірлігі болып табылады. Қытай тіліндегі аудармада: *«六个人团结得不好，会失掉手头的东西；四个人团结得紧，能获得远处的财富»* – мақалдың мағынасы жалпылама түрде сақталғанымен, мәдени-символикалық астары біршама көмескіленіп берілген. Тәржімашы тұрақты тіркестің поэтикалық құрылымын сақтамай, оның мазмұнын түсіндіру жолымен жеткізген, яғни эксплициттілікке сүйенген. Бұл тәсіл прагматикалық сәйкестікке жетуді көздегенімен, түпнұсқадағы ұлттық дүниетаным мен көркемдік өлшемдер толық сақталмайды. Дегенмен, прагматикалық мағынасына сай балама табуға деген ұмтылыс аудармашының мәтін мазмұнын сақтауға бағытталған кәсіби көзқарасын көрсетеді.

Аудармадағы лингвомәдени факторларды саралау барысында қазақ тіліне араб, парсы, орыс тілдерінен енген кірме сөздерді аудару мәселесіне ерекше тоқталғымыз келеді. Мысалы, Абай Құнанбаевтың екінші қара сөзінде кездесетін *«молда, медресе сақтап, дін*

күтуге де шыдайды» деген сөйлемді қытай аудармашысы ХаХуанчжаң мырза қытай тіліне «他们懂得爱护学校，尊崇宗教» [Tāmen dǒngdé àihù xuéxiào, zūn chóng zōngjiào] - «олар мектебін сыйлап, дінін құрметтейді» деп аударған [18, 3-б.]. Түпнұсқада берілген *медресе* (араб тілінде درس [дәрәса] — «оқыту» дегенді білдіреді) сөзі қытай тіліндегі 学校[xuéxiào] - *мектеп* сөзімен аударылып, түпнұсқадағы мағынаның бұрмаланғанын байқаймыз.

Абайдың жиырма жетінші сөзінде «Соның қайсысын хикмет көресің?» деген жолдары аудармада «你认为哪一类才是奇迹?» [Nǐ rènwéi nǎ yī lèi cái shì qíjì] деп аударылған. Бұл жолдардағы *хикмет* сөзі қытай тіліне «奇迹» [qíjì] – *таңғажайып (құбылыс)* сөзімен аударылған [18, 19-б.]. Аударма барысында транслитерация - шет тілі сөздерін қытай тіліне дыбыстық үйлесімін сақтай отырып, иероглифпен бейімдеп аудару әдісі де қолданылған.

Отыз сегізінші қара сөзде кездесетін «құран» сөзі қытайшаға «古兰经» [gǔlánjīng]- «古兰» [gǔlán] – Құран, «经» [jīng] -қасиетті мәтін, трактат сөздерінің тіркесімен берілген [18, 52-б.].

Абайдың қара сөздерін аудару барысында қытайлық аудармашы *компрессия* әдісін жиі қолданғанын байқаймыз. Мысалы, оныншы қара сөзде түпнұсқада: «Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді» деп берілсе, аударма барысында: «Өлсем орнымды бассын дейді» деген жолдар қысқартылып, «是为了防老，死后还有人念经凭吊» [shì wèile fánglǎo, sǐ hòu hái yǒurén niànjīng píngdiào], «қартайғанда асырасын, өлсем құран оқысын, орнымды жоқтасын» деген жолдармен берілген» [18, 21-б.].

Мәдени факторлар. Көркем аудармадағы лингвомәдени факторлар мәселесін талдауды әрі қарай өрбіте отырып, төменде Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетіне қатысты тілдік бірліктерді қытай аудармашысы Ха Хуанчжаң мырзаның қытай тіліне аударуда қолданған тәсілдеріне тоқталып кеткіміз келеді.

Түпнұсқа: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді. Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады» [19, 12-б.].

Аудармасы: «今天是年轻学生阿拜归途的第三天，也是最后一天。他憋足了劲儿，想着太阳—露面便骑马离开山庄，继续赶路。天刚蒙蒙亮就迫不及待地叫醒了到县城来接她回家的白塔斯。小学生骑着一匹吊好了膘的五岁黄膘马，只顾赶路，整天没有下马。不时把两位同伴抛在身后。当路过阔克玉日木、布拉提干、塔克尔布拉克等他所熟悉的牧营地时还要纵马急驰一程»。 [Jīntiān shì niánqīng xuéshēng Ābài guītú de dì sān tiān, yěshì zuìhòu yītiān. Tā biē zúle jìnèr, xiǎngzhe tàiyáng—lòumiàn biàn qímǎ líkāi shānzhuāng, jìxù gǎnlù. Tiān gāng méngméngliàng jiù pòbùjídài de jiào xingle dào xiànchéng láitāsī. Xiǎoxuéshēng qízhe yī pǐ diào hǎole biāo de wǔ suì huáng biāo mǎ, zhǐgù gǎnlù, zhěng tiān méiyǒu xiànmǎ. Bùshí bǎ liǎng wèi tóngbàn pāo zài shēnhòu. Dāng lùguò Kuòkèyùrìmù, Bùlātígàn, Tǎkèěrbùlākè děng tāsuo shúxī de mù yíngdì shí hái yào zòng mǎ jí chí yī chéng]] [20, 9-б.].

Жоғарыда берілген мысалда жер-су атаулары қытай тіліне транслитерация әдісі арқылы дыбыстау ерекшелігі неғұрлым сақталып берілген. Мысалы, «Көкүйірім» - 阔克玉日木 [Kuòkèyùrìmù], «Буратиген» - 布拉提干 [Bùlātígàn], «Тақырбұлақ» - 塔克尔布拉克 [Tǎkèěrbùlākè] [20, 9-б.]. Бұл жолдардан аудармашы қазақ жер-су атауларының дыбысталу ерекшелігін неғұрлым сақтауға тырысқанын байқаймыз.

«Қоныс-құдықтар» – көшпелі қазақ халқының тұрмысын көрсететін, адам (малдың) уақытша немесе тұрақты орналасатын орны. Оған ауыл, жайылым немесе қыстақ жатады. Бұл лексикалық бірлік қытай тіліне «熟悉的牧营地» [shúxī de mù yíngdì] - «таныс қоныс жер» деп аударылған. Мәтінде «құдық» сөзі (қытай тілінде 井[jǐng] иероглифімен беріледі) аударылмай, жалпы қоныс ұғымы ғана аударылып берілген.

«Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды» деген сөйлемде аудармашы қытай оқырмандарына кім туралы сөз болып жатқанын түсіндіру мақсатында аудармада «бала шәкірт» тіркесін «Абай» сөзімен алмастырды. Мұндай бейімделу, әсіресе оқырман мәтінмен таныс болмаған жағдайда, мәтін мазмұнын түсінуге септігі тиеді.

«Жарау құла бесті» жылқы малына байланысты сөз тіркесі. Тіркес екі қосындыдан тұрады: «жарау» – бабы келіскен, дене қуаты күшті деген ұғымды білдіреді, ал «құла бесті» – түсі құла (сары, қызғылт) бесті (бес жасар жылқы) екендігін сипаттайды. «Абай жолында» автор Абайдың мінгені өте бағалы, ширақ, ұшқыр жылқы малы екенін көрсеткісі келген. Алайда қытай тіліндегі аудармада *жарау құла бестісінің* мәніне терең бойламағаны, оны 马 [mǎ] сөзін қолдану арқылы қарапайым *ат* деп санағаны байқалады.

Қазақ тіліндегі халқымыздың рухани және материалдық мәдениетінен хабар беретін фразеологиялық тіркестерді аудару барысында қытай аудармашысы образды балама, тура балама, түсіндірме аударма секілді аударма тәсілдерін қолданған. Мысалы, қазақ тіліндегі «Ақылыңды айтпағаниша, ақылыңа сал» тіркесін қытай тіліне «三思而后行» [Sānsī ér hòu xíng] (үш рет ойланып барып әрекет ет) деп берген [21, 186-б.].

Ислам дініне байланысты тілдік бірліктер. «Абай жолы» роман-эпопеясы өмірден өткен адамның артынан атқарылатын ақтық сапарға шығарып салуға, жалпы өлім-жітімге қатысты салт-жоралғыларға байланысты тілдік бірліктерге толы. Мәселен, романда мынадай жолдар кездеседі:

«Қадірлі ана осы таңға жетпей қайтыс болды. Бұл өлімді барлық жұрт тегіс ауыр алғанмен, жыласқан жоқ. Үндемей күтті. Келесі күн жаназасы болғанда әнеугі елу кедей көршілер де тегіс келген екен. Көп қауым боп, түгел ардақтап қойды. Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуға кірісті. Анасының әруағына арнайтын дағдылы құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды» [19, 256-б.].

Аудармада бұл жолдар былай берілген:

这位令人尊敬的老祖母天亮前谢世了。

虽然人们对泽列的去世都感到哀痛,但没有相聚在一起号啕大哭。人们在默默地守灵。第二天举行殡礼时,“大雪灾”中曾来这里避灾的五十多位贫苦牧民也都来了。所有前来悼念的人都一再称赞泽列的美德.阿拜不太喜欢给祖母办丧事时这样乱糟糟。他不愿意和任何人讲话。出殡回来的那天晚上,他独自坐在祖母的床上翻看古兰经。他不打算按常规让毛拉为祖母的亡灵念经,他要亲自执行这一任务。[Zhè wèi lǐng rén zūnjìng de lǎo zǔmǔ tiānliàng qián xièshìle. Suīrán rénmen duì zé liè de qùshì dōu gǎndào āitòng, dàn méiyǒu xiāngjù zài yīqǐ háotádàkū. Rénmen zài mòmò de shǒulíng. Dì èr tiān jùxíng bìn lǐ shí, “dà xuězāi” zhōng céng lái zhèlǐ bì zāi de wúshí duō wèi pínkǔ mùmín yě dū lái. Suǒyǒu qián lái dǎoniàn de rén dōu yīzài chéngzàn zé liè de měidé. Kù nán bài hé kūn kāi zài jí dié bài yīzhí dài dào “qī rì” jìchén. Ā bài bù tài xīhuān gěi zǔmǔ bàn sāngshì shí zhèyàng luànzāozāo. Tā bù yuànyì hé rènhe rén jiǎnghuà. Chūbìn huílái dì nàitiān wǎnshàng, tā dúzì zuò zài zǔmǔ de chuángshàng fān kǎn gǔlánjīng. Tā bù dǎsuàn àn chángguī ràng máolā wèi zǔmǔ de wánglíng niànjīng, tā yào qīnzi zhíxíng zhè yī rènwù] [20, 354-б.].

Берілген үзінділердегі «қайтыс болу» тіркесі «谢世了» [xièshìle] – «өмірден өтті» деп берілген. Екі тілдегі сөз тіркесі де өлімді сыпайы әрі жұмсақ түрде сипаттап тұр. Семантикалық тұрғыда, «қайтыс болу» тіркесі мұсылман дінінің өлімге деген көзқарасымен

байланысты қайтыс болған адамның Аллаға қайтарылуын меңзеп тұрса, ал аударма нұсқада діни мазмұннан гөрі философиялық коннотация басым тұр, ризашылық пен өмірлік саяхаттың аяқталуын білдіріп тұр. Аудармашы эмоционалды және мәдени бояуды сақтай отырып, образды баламаны қолданып қытай лингвомәдениет өкілдеріне түсінікті қылып аударған. Төменде «Абай жолы» романындағы өлім-жітімге байланысты тілдік бірліктерді аудару барысында қытай аудармашысы қолданған тәсілдерге тоқталамыз.

1) «Жаназа» - «殯礼» [bīnlǐ]. Түпнұсқадағы мағынасы – өлген адамды жерлеу алдында оқылатын дұға [21, 263-6]. Қытай тіліндегі аудармада «殯礼» [bīnlǐ]- жерлеу рәсімі деген сөзбен берілген; Бұл сөздің мағынасы адамды жерлеуге байланысты жүргізілетін барлық іс-шараларды қамтиды.

2) «Ардақтап қойды» - түпнұсқадағы мағынасы өмірден өткен адамды құрметтеп, қадірлеп барлық жөн-жоралғыларымен жер қойнына тапсыру мағынасына саяды. «Абай жолы» романындағы «Көп қауым боп, түгел ардақтап қойды» деген жолдарды аудармашы «所有前来悼念的人都一再称赞泽列的美德» [Suǒyǒu qián lái dào niàn de rén dōu yīzài chēngzàn zé liè dì měidé] «Қоштасуға келген көпшілік Зеренің жақсылығын қайта-қайта мақтап айтты» деп түпнұсқа мәтіннің мағынасынан ауытқып аударған;

3) «Молда» - «毛拉» [máolā]. Аудармашы қытай тіліне исламдық діни контекстінде терминнің дыбысын да, маңыздылығын да сақтау үшін фонетикалық транскрипция мен мәдени бейімделу тәсілдерін қолданған.

Үйлену салтына байланысты тілдік бірліктер. «Абай жолы» романында неке, жалпы үйленуге қатысты салт-дәстүрлер қазақ халқы өмірінде маңызды орынға ие ретінде суреттеледі. Сол кезеңдегі үйлену, той дәстүрлері арқылы қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігі, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас, әдет-ғұрып пен ұлттық менталитет жан-жақты көрсетілген. Оны келесі мысалдан көруге болады:

Түпнұсқа: Қалыңмал басы Алишынбайдың өзіне арналған кесек күміс — бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді. Екі жасқа да мәлім, ілу киітке орай. Осыдан он жыл бұрын Алишынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіп деп, Алишынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде, есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен киіп күн жағынан қарайлас болатын. Бірақ Құнанбай оны есептемей, Алишынбайға өз бергенінің дәл өзін жібергені [19, 195-6.].

Аударма нұсқа: 在礼品中最引人注目的是给亲家公送的大元宝。这属于两家互赠的礼品。

人们都还记得,十年前库南拜在这里为阿拜提亲时,女方—迪丽达的祖父阿勒欣拜曾给库南拜赠送元宝。不过那是小元宝,分量要轻。按照老规矩,两亲家互赠的元宝分量要相等。但库南拜并未计较这些。他这次送来的是摇床形的大元宝。[Zài lǐpǐn zhōng zuì yǐn rén zhù mù dì shì gěi qīngjiā gōng sòng de dà yuánbǎo. Zhè shǔ yú liǎng jiā hù zèng de lǐpǐn. Rénmen dōu hái jì dé, shí nián qián Kùnnánbài zài zhèlǐ wéi Ābài tíqīn shí, nǚfāng – dí lì dá de zǔfù ā lēi xīn bài céng gěi kù nán bài zèngsòng yuánbǎo. Bùguò nà shì xiǎo yuánbǎo, fēnliàng yāo qīng. Ànzhào lǎo guījǔ, liǎng qīngjiā hù zèng de yuánbǎo fēnliàng yāo xiāngděng. Dàn Kùnnánbài bìng wèi jìjiào zhèxiē. Tā zhè cì sòng lái de shì yáo chuáng xíng de dà yuánbǎo] [20, 241-6.].

Жоғарыда берілген үзіндіде халқымыздың тұрмыс салттарына қатысты, мәдени мазмұндағы сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, «қалың мал» – ұзатылып жатқан қыздың туыстарына күйеу жігіттің жұрты жасайтын сый кәдесі. Ол мүлік немесе ақшалай төлем болып келеді. Бұл кәдені «қыз кәдесі», «ана сүті» немесе «әке күші» деп те бағалайды. Қалың малдың мөлшері әрбір отбасылардың дәстүрі мен жағдайларына қарай және әр аймақтың ғұрыптарына байланысты әртүрлі болады. Бұл сый-кәде- екі отбасы арасындағы сыйластық пен өзара келісімді көрсетеді. Қытай тіліндегі аудармада «қалың мал» және «бесік жамбы» сөздері бір сөзбен - «礼品» [lǐpǐn] сыйлық сөзімен берілген. «礼品» сөзі сыйлық деген

мағынаны беріп, түпнұсқа мағынаға еш нұқсан келтірмегенімен, біздің ойымызша, аударма нұсқада қытай үйлену салтында бар, күйеу жақтың қалыңдық жаққа жасайтын сыйлығын білдіретін «彩礼» [cǎilǐ] деп аударғанда, біріншіден, түпнұсқа мәтіндегі мағына сақталып, екіншіден, қытай лингвомәдениет иелеріне, яғни, қытай оқырмандарына түсінікті аударма болып, нұр үстіне нұр болар еді.

«Бесік жамбы» - арнайы қалыпқа құйылған бесік пішіндес болып келетін алтын немесе күміс құйма [21, 96-б.]. Көлемі жағынан алақандай болатын мұндай күміс не алтын құймаларды дәстүрлі ортадағы кәде құрамында тарту жасауда, сый беруде, құдалық ғұрыптарда қолданған. Аудармада «бесік жамбыны» «大元宝» [dayuánbǎo] «үлкен алтын құйма» деп берілуі материалдық құндылықты білдіргенімен, түпнұсқадағы мәдени және ритуалдық мазмұн, яғни құдалық контексті мен ұрпаққа бағытталған тілек толық жеткізілмей қалған [20, 48-б.].

«Сундетке отырғызу» салты «Абай жолы» романында бірнеше жерде сөз болады. Қазақ салт дәстүрінде бұл рәсім баланың есеюі мен оның үлкен өмірге қадам басуының белгісі ретінде танылады.

Түпнұсқа: «Сундетке отырғызғанда, ауырсынып жылап жатып: "Құдай-ай, бұл қорлықты көргенше, қыз кып неге жаратпадың!.." депті» [19, 24-б.].

Аударма: “给他做割礼时,他痛得直哭,嘴里却喊着“真主呀,让我这么受罪,还不如让我生做姑娘!.....” [Gěi tā zuò gēlǐ shí, tā tòng dé zhí kū, zuǐ lǐ què hǎnzhe “zhēnzhǔ ya, ràng wǒ zhème shòuzui, hái bǔrú ràng wǒ shēng zuò gūniáng!] [20, 16-б.].

Аудармада «сундетке отырғызуды» «割礼» [gēlǐ] сөзімен берген. Қытай дәстүрінде сундеттеу салты болмағандықтан, «割礼» [gēlǐ] аудармасынан соң мәдени комментария берілгені дұрыс деп ойлаймыз.

Көркем аудармадағы эмоционалды реңк автордың түпнұсқа шығармасында қалыптасқан эмоционалды атмосфераны сақтауға мүмкіндік беретін негізгі элемент болып табылады. Оның қызметі – кейіпкерлердің сезімдерін, көңіл-күйлері мен тәжірибелерін жеткізу. Эмоционалды реңк лексиканы дәл таңдау, метафораларды, эпитеттерді және түпнұсқаның ерекшеліктерін көрсететін стилистикалық құралдарды қолдану арқылы көрінеді. Аудармашы эмоционалды әсерді жоғалтпау үшін, басқа лингвомәдениет өкілдерінің ұлттық-мәдени үрдістеріне неғұрлым жақын жатқан тілдік бірліктерді таңдаған жөн.

«Абай жолы» романында М. Әуезов қазақ даласының табиғатын түрлі сөз өрнектерімен ерекше сипаттаған. Осы тұрғыда, табиғаттың сұлулығын екінші тілге жеткізудегі аудармашының рөлі – түпнұсқа мәтіндегі табиғат сипаттамасы тудыратын эмоцияны екінші тілге еш мұртын бұзбай, сол қалпында жеткізу. Осылайша, аудармашы басқа тілдің оқырманына табиғаттың сұлулығын автор ойлағандай сезінуге көмектесетін делдал ретінде әрекет етеді. Сәтті аударма оқырманға мәтіннің үйлесімділігін және оның эстетикалық құндылығын сақтай отырып, түпнұсқаның оқырманымен бірдей эмоциялық байланысты сезінуге мүмкіндік береді. Төменде осы айтылған сөзімізге дәлел болатын мысалдарға тоқталамыз.

Түпнұсқа: «Мамырдағы күн ерекше жарқырап, адамдардың жүрегін жылытады. Аспанда бірен-саран қалқыған бұлттар ғана болды. Айналадағы шалғындар мен төбелер әртүрлі жасыл реңктерге ие. Майлы шөптің хош иісі сәл көтерілген, аласа үйінділерден шығады. Қарлы гүлдер, тау жебелерінің ұштары, қызыл және сары тау қызғалдақтары шөпте түрлі-түсті көбелектер сияқты құлап, шабындықты әсем безендіреді» [19, 35-б.].

Аударма: 五月的太阳显得格外光耀,照得人心里暖洋洋的。天空只有几团飘浮的云絮。四周的草地和山冈呈现着深浅不同的绿色。从稍稍隆起的、矮小的土丘上散发着酥油草的芳香。雪球花、山慈姑、红的、黄的山郁金香像五彩缤纷的蝴蝶落在草丛中,把草原装点得绚

丽多姿。[Wǔ yuè de tàiyáng xiǎn dé gé wài guāngyào, zhào dé rén xīnlǐ nuǎnyángyáng de. Tiānkōng zhǐ yǒu jǐtuán piāofú de yúnxù. Sì zhōu de cǎodì hé shāngāng chéngxiàn zhe shēnqiǎn bùtóng de lǜsè. Cóng shāoshāo lóngqǐ de, àixiǎo de tǔqiū shàng sǎnfā zhe sūyóucǎo de fāngxiāng. Xuěqiúhuā, shāncígū, hóngde, huáng de shānyùjīn xiāng xiàng wǔcǎi bīnfēn de húdié luò zài cǎo cóng zhōng, bǎ cǎoyuán zhuāngdiǎn dé xuànlì duōzī] [20, 32-6.].

Түпнұсқада байқағанымыздай, табиғаттың мамыр айындағы сұлулығы, шөптің хош иісі, гүлдердің түр-түсі нәзік образбен жеткізілсе, қытай тіліндегі аудармада бұл бейнелер жалпы мазмұнды сақтай отырып, қытай аудиториясының қабылдауына ыңғайлы стильмен берілген. Мысалы, «майлы шөптің хош иісі» тіркесі «酥油草的芳香» деп аударылып, тура мағынадан гөрі қытай мәдениетінде белгілі «сары май» (酥油) метафорасымен алмастырылған. Бұл аудармада адаптация мен интерпретация тәсілдерінің қолданылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, «қызыл және сары тау қызғалдақтары» бейнесі де «红的、黄的山郁金香» деп дәл жеткізілгенімен, «шөпте түрлі-түсті көбелектер сияқты құлап» деген поэтикалық образ қытайшада біршама қарапайымырақ «像五彩缤纷的蝴蝶落在草丛中» деп берілген, бұл метафоралық теңеудің экспрессивтілігін белгілі бір дәрежеде сақтағанымен, бастапқы әсердің эмоционалдық реңкін сәл әлсіреткен. Осылайша, аудармашы түпнұсқаның көркемдік ерекшеліктерін толық жоғалтпай жеткізуге тырысқанымен, кейбір лексемалар мен ұлттық танымға тән иірімдер қытай тілінің мәдени контекстіне бейімделе отырып трансформацияға ұшырағаны анықталады.

Осы бөлімде ұсынылған мысалдар мен талдаулар «Абай жолы» романы мен А. Құнанбаевтың «қара сөздеріндегі» лингвомәдени бірліктердің қытай тіліне аударылу ерекшеліктерін ашып көрсетті. Аудармашының таңдаған тәсілдері мен қолданған трансформациялары мәтіннің ұлттық-мәдени мазмұнын сақтау деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Енді осы талдаудың нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеудің негізгі қорытындыларын тұжырымдаймыз.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылау барысында көркем аудармадағы лингвомәдени факторлардың аударматанудағы кешенді әрі маңызды феномен екендігі айқындалды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде бұл факторлардың аударма процесінде тілдік, мәдени және семиотикалық деңгейлерді өзара байланыстыра отырып қызмет ететіні дәлелденді. Зерттеу барысында ұлттық-мәдени мазмұнға ие лексемалар, фразеологизмдер, реалиялар мен салт-дәстүрлік ұғымдардың қытай тіліне аударылу ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы талданып, олардың адекватты баламаларын беруде бейімдеу, интерпретация, мәдени алмастыру, түсіндірме және калькалау сияқты тәсілдердің тиімділігі ғылыми түрде негізделді. Сонымен қатар, аудармашының тілдік делдалдан гөрі мәдениетаралық коммуникатор ретіндегі рөлі айқындалып, оның интерпретациялық еркіндігі мен мәдени түсінікті жеткізе алу қабілеті көркем аударманың сапасын айқындайтын шешуші фактор ретінде танылды.

Зерттеу нәтижесінде баламасыз ұлттық-мәдени лексемаларды жеткізуде түсіндірме, транслитерация, мәдени комментарийлердің қажеттілігі нақтыланды; прагматикалық және эмоционалдық реңкті сақтау мақсатында трансформация мен бейімдеудің қолданылғаны дәлелденді; ал тілдік сәйкестігі жоқ ұғымдарды жеткізуде мәдени интерпретация мен компрессия тәсілдерінің тиімділігі байқалды. «Абай жолы» романы мен Абайдың қара сөздеріндегі ұлттық-мәдени кодтар мен олардың аудармалық трансформациясы жүйеленіп, теориялық негізде талданды. Осы арқылы көркем мәтіннің мәдени мағынасын сақтау мен қытайлық оқырмандарға түсінікті түрде жеткізудің әдістемелік негіздері қаланды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері аударматанудың лингвомәдени бағытын дамытып қана қоймай, мәдениетаралық асимметрия жағдайындағы аударма үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік

беретін нақты әдістерді қолданудың маңызын айқындады. Аталған тұжырымдар болашақта лингвомәдени сипаттағы көркем шығармаларды аударуға әдістемелік бағыт беруімен қатар, аударма теориясы мен практикасы, шығыстану және мәдениетаралық коммуникация салаларында кәсіби мамандарды даярлауға қолданбалы негіз бола алады.

Осы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі әдістемелік ұсыныстарды ұсынуға болады. Ұлттық-мәдени мазмұны бай көркем мәтіндерді аудару кезінде прагматикалық және лингвомәдени баламалықты қамтамасыз ету үшін бейімдеу, интерпретация, мәдени түсіндірме мен түсіндірме аударманы қамтитын кешенді тәсілді қолдану қажеттігі айқындалды. Бұл тәсіл қытай өкілдерінің мәдени танымына сәйкес ұлттық ерекшелігі бар мазмұнды бұрмаламай жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аудармашылар реалийлерді, фразеологиялық бірліктерді және тікелей баламасы жоқ мәдени таңбалы лексемаларды жеткізу барысында қабылдаушы қауымына тән менталитетті ескере отырып, трансформация стратегияларын ұтымды қолдануы тиіс.

Аударма және мәдениетаралық коммуникация пәндерін оқыту барысында лингвомәдени сәйкессіздіктерді еңсеру жолдарын меңгертетін арнайы блоктар енгізіліп, нақты мысалдарға негізделген практикалық талдау жұмыстары жүргізілгені орынды. Бұл болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етіп, ана тіліміздегі көркем мәтіндерінде жиі кездесетін ұлттық-мәдени лексиканы жүйелеп, глоссарийлер мен түсіндірмелі анықтамалықтар әзірлеу – көркем аударма сапасын арттырып қана қоймай, түпнұсқаның мәдени болмысын сақтауға мүмкіндік береді. Аталған ұсыныстар аударманың лингвомәдени мазмұнын терең ұғыну мен оны дәл жеткізу ісіне әдістемелік негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. – М.: Наука, 1988. – 415 с.
2. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высшая школа, 1990. – 253 с.
3. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М.: Издательство Московского университета, 2007. – 514 с.
4. 陈桂琴, 《语言、文化与翻译》, 《黑龙江社会科学》 2009 年第 2 期, 第 125—127 页 (Чэнь Гуйцзинь. Язык, культура и перевод // Социальные науки Хэйлунцзян». – 2009. – Выпуск 2. – С. 125–127. https://wenku.baidu.com/view/ba09761080c4bb4cf7ec4afe04a1b0717fd5b39a.html?wkt_s=1694792885233
5. Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: Российский университет дружбы народов, 1997. – 331 с.
6. Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
7. Дәулет Ф.Н. Актуализация концепта «лицо» в китайской языковой картине мира // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. – 2019. – № 4. – С. 156–176.
8. Леви-Стросс К. Структурная антропология. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1985. – 265 с.
9. Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. – М.: Высшая школа, 1975. – 48 с.
10. Кибрик А.Е. Избранные труды по языкознанию. – М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1993. – 185 с.
11. Уорф Б.Л. Лингвистика и логика // В кн.: Новое в лингвистике. – М.: Наука, 1961. – С. 183–198.
12. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 262 с.
13. Аккалиева А.Ф., Амалбекова М.Б. Роль языка-посредника в художественном переводе // Полилингвистичность и транскультурные практики. – 2022. – №19-3. – С. 533–539.
14. Федоров М.А. Термин «лингвокультура» в аспекте теории культуры // Вестник Бурятского государственного университета. – 2014. – № 6–2. – С. 83–86.
15. Даулет Ф.Н. Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. – А.: Қазақ университеті, 2000. – 180 б.
16. Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. – М.: Наука, 2003. – 304 с.
17. Абай Құнанбаев. Қара сөз. – Алматы: Атамұра, 2020. – 200 б.

18. 艾克拜尔·米吉提. 阿拜箴言录 Muzhit A. Abay's Book of words. – Pekin: Publishing House of Minority Nationalities, 1995. – 267 p.
19. Әуезов М.О. Абай жолы: роман-эпопея. 1 кітап. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. – 417 б.
20. 哈拜, 高顺芳. 阿拜之路. 上卷. 1999 年. 民族出版社. 425 页 (Хабай, Гаушуньфан, Путь Абая. Том 1. – Национальное издательство, 1999. – 425 p.)
21. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

REFERENCES

1. Shveicer A.D. Perevod i lingvistika [Translation and linguistics]. – M.: Nauka, 1988, – 415 s. [in Russian]
2. Komissarov V.N. Teoria perevoda (lingvisticheskie aspekty) [Theory of translation (linguistic aspects)]. – M., Vysshaia shkola, 1990. – 256 s. [in Russian]
3. Garbovski N.K. Teoria perevoda [Theory of translation]. – M.: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta, 2007. – 514 s. [in Russian]
4. Chen Guiqin. Language, Culture and Translation // Heilongjiang Social Sciences. – 2009. – Issue 2. – P. 125–127. https://wenku.baidu.com/view/ba09761080c4bb4cf7ec4a_fe04a1b0717fd5b3_9a.html?wkt_s_1694792885233 [in Chinese]
5. Vorobiev V.V. Lingvokulturologia. Teoria i metody [Linguoculturology. Theory and methods]. – M.: Rossiiskii universitet družby narodov, 1997. – 331 s. [in Russian]
6. Maslova V.A. Lingvokulturologia: Uchebnoe posobie dlia studentov vysshikh uchebnykh zavedeniah [Linguoculturology: A textbook for students of higher educational institutions] – M.: Academia, 2001. – 208 s. [in Russian]
7. Daulet F.N. Aktualizaciia koncepta “lico” v kitaiskoi iazykovoi kartine mira [Actualization of the concept “face” in the chinese linguistic worldview] // Vostok. Afro-aziatskie obshestva: istoria i sovremennost – 2019. – № 4. – S. 156–176 [in Russian]
8. Levi-Stross K. Strukturnaia antropologiya [Structural anthropology]. – M., Glavnaia redakcia vostochnoi literatury, 1985. – 265 s. [in Russian]
9. Bromlei Iu.V. Etnos i etnografiia [Ethnos and Ethnography]. – M.: Vysshaia shkola, 1975. – 284 s. [in Russian]
10. Kibrik A.E. Izbrannye trudy po iazykoznaniiu. – M.: Izdatelskaia gruppa «Progress», «Univers», 1993. – 656 s. [in Russian]
11. Uorf B.L. Lingvistika i logika // V kn.: Novoe v lingvistike [Linguistics and Logic // In: New in Linguistics]. – M.: Nauka, 1961. – S. 183–198 [in Russian].
12. Ter-Minasova S.G. Iazyk i mezhkulturaia kommunikaciia [Language and intercultural communication]. – M: Slovo, 2000. 262 s. [in Russian]
13. Akkalieva A.F., Amalbekova M.B. Rol iazyka-posrednika v hudozhestvennom perevode // Polilingvialnost i transkulturnye praktiki. – 2022. – №19-3. – S. 533–539. [in Russian]
14. Fiedorov M.A. Termin “lingvokultura” v aspekte teorii kultury [The term “linguoculture” in the aspect of the theory of culture] // Vestnik Buriatskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2014, – № 6–2. – S. 83–86. [in Russian]
15. Daulet F.N. Lingvomadeniettanu: qytai zhane qazaq tilderinin salgastyrmaly frazeologiasy [Linguoculturology: Comparative Phraseology of Chinese and Kazakh Languages]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2000. – 180 b. [in Kazakh]
16. Novikov L.A. Hudojestvennyi tekst i ego analiz [Literary text and its analysis]. – M.: Nauka, 2003. – 304 s. [in Russian]
17. Abai Kunanbayev. Qara soz [The book of words]. – Almaty: Atamura, 2020. – 200 b. [in Kazakh]
18. Muzhit A. Abay's Book of words. – Pekin: Publishing House of Minority Nationalities, 1995. – 267 p. [in Chinese]
19. Auezov M. Abai joly: roman-epopeia. I kitap. [Abay's way: novel. Book 1]. –Almaty: Jeti Zhargy, 1997. – 417 b. [in Kazakh]
20. Habai, Gaoshunfan. Abay's way. Part 1. – Nacionalnoe izdatelstvo, 1999. – 425 p. [in Chinese]
21. Zhanuzaqov T. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. — Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 s. [in Kazakh]